

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 124 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 13 ақпандағы № 20 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2015 жылғы 8 мамырдағы №19 шешімімен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесінде "бірыңғай терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының XII бөлімінің 6.5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі **"Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауды қамтамасыз ететін механизмнің ұйымдық құрылымы туралы"** № 124 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 13 ақпандағы
№ 20 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 124 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1.3-тармақтың күші жойылды деп танылсын.

2. Көрсетілген Шешіммен бекітілген Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындауды қамтамасыз ететін механизмнің ұйымдық құрылымы туралы ережеде:

а) 10-тармақ мынадай мазмұндағы "г" тармақшасымен толықтырылсын:

"г) ұйымдастырушылық-талдамалық сарапшылар тобының жетекшісі.;"

б) 13-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс тобының отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.;"

в) 29-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Ұйымдастырушылық-талдамалық сарапшылар тобының жетекшісі жұмыс тобы жетекшісінің орынбасары болып табылады.

Ұйымдастырушылық-талдамалық сарапшылар тобының жетекшісі көрсетілген сарапшылар тобының қызметін басқарады және оған жүктелген міндеттерді орындауды ұйымдастырады.

Ұйымдастырушылық-талдамалық сарапшылар тобының жетекшісі жұмыс тобы жетекшісінің келісуі бойынша тақырыптық блоктар жетекшілерімен іс-шаралар жоспарын орындау мәселелері бойынша жұмыс кеңестерін өткізеді."

г) IV бөлім мынадай мазмұндағы 321-тармағымен толықтырылсын:

"321. Ұйымдастырушылық-талдамалық сарапшылар тобының жетекшісі осы Ереженің 30-тармағына сәйкес мониторингті жүзеге асыру үшін тақырыптық блоктар жетекшілерінен тиісті блоктардың жұмыс барысы туралы ақпарат сұратуға құқылы."

д) Көрсетілген Ережеге қосымшаның II бөлімінде:

1-тармақтағы ", кедендік-тарифтік" деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақтың "в" тармақшасындағы "есептеу және" және 6-тармақтың "в" тармақшасындағы "есептеуді және" деген сөздер алып тасталсын.

3. Сыртқы экономикалық қызметті реттеу жүйесіндегі "бірыңғай терезе" механизмін дамытудың негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау бойынша жұмыс тобының құрамын қалыптастыру критерийлерінде 3-позициядағы 2-графадағы "кедендік-тарифтік реттеу" деген сөздер алып тасталсын.